

**Жүргізуші:** Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер!  
Педагогтің кәсіби құндылықтарын жаңғыртып, командалық рухты күшейту мен педагогикалық креативтілікті дамыта отырып, өз мамандығына деген мақтаньш пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Қазіргі тәрбиеші қандай болу керек?» тақырыбындағы тимбилдингке қош келдіңіздер!

### **КІРІСПЕ – «Сиқырлы қақпа»**

**Жүргізуші:** Бүгін біз «Сиқырлы қақпадан» өтіп, қазіргі тәрбиеші бейнесін бірге құрастырамыз. Бірақ қақпа тек бірлікті көрсеткенде ғана ашылады.

— Қақпаны ашу үшін барлығыңыз:

«Бірлік – біздің күшіміз!»

деп бірге айтамыз.

Қақпа ашылады.

### **Пазлдар арқылы педагогтарды топтарға бөлу (топ атаулары)**

**Жүргізуші:** Бүгінгі тимбилдинг шарасында әрбір топтың белсенділігі мен бірлігін бағалау мақсатында арнайы қазылар алқасы жұмыс істейді. Ендеше, әділдіктің үлгісі болатын құрметті қазыларымызбен таныс болайық:

- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_

Құрметті қазылар алқасына сәттілік,  
катысушыларға шабыт, батылдық және командалық рух тілейміз!

### **Қыздырыну тапсырмасы: - «Қазіргі тәрбиеші портреті»**

Әр команда 5 минут ішінде «Қазіргі тәрбиеші қандай болу керек?» деген сұраққа жауап ретінде визуалды сурет жасайды.

Берілетін материалдар:

(Қағаздар, қаламдар, түрлі-түсті қағаз, маркер, желім, стикерлер)

(Көз – байқампаздық, Жүрек – мейірім, Қол – шығармашылық, Аяқ – белсенділік т.б.)

### **Көрермендермен ойын:**

- 65 тең бөлмеде  
32 тұрғын бар:  
Ақ, қара қып бөлгенде,  
Бірін – бірі қуалар (шахмат)
- 5 бұтақты теректе  
Бұтақ сайын 5 алма  
Біреуін бер Берікке  
Қалады сонда қанша алма? (теректе алма өспейді)
- Айқасқан екі таяқ, тұрады жоқты сұрап (X)
- Егер үш тәрбиеші үш ойыншықты үш минутта жинаса, он тәрбиеші он ойыншықты қанша минутта жинайды? (3 минут)

**Жүргізуші:** Құрметті әріптестер, сіздер тамаша жұмыс атқардыңыздар! Әр топ өз көзқарасымен қазіргі тәрбиешінің бейнесін көркем әрі мағыналы түрде көрсете білді. Ендеше визуалды портреттен іске көшуге ұсынамын. Сайысымыздың алғашқы кезеңі

### **Негізгі бөлім:**

#### **№ 1 «Білгір педагог» викторинасы**

(жүргізуші сұрақтар қояды, бірінші жауап берген топқа ұпай жүреді)

- Білім беру жүйесінде оқыту мазмұнына, нәтижесіне, оқу жүктемесіне және білім сапасына қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құжат. (стандарт)
- Стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін реттейтін мемлекеттік нормативтік құжат (Үлгілік оқу жоспары).
- Жуыну, тамақтану, үстел жасау, асхана, табиғат бұрышындағы жұмыс – бұл барлығы қалай аталады? (Тәртіптік кезең).
- Баланың даму деңгейінің көрсеткіші (Индикатор)
- Мектепке дейінгі білім беру процесінің мақсаты (тәрбиелеу, білім беру, дамыту)
- Педагогикалық үрдісте әрбір оқу – тәрбие мәселесін шешуде жеке адамдармен, не ұжыммен қарым – қатынас жасауда көрінетін кәсіптік сапа (пед.әдеп)
- Инклюзивті білім беру деген не?(Барлық балаларға тең мүмкіндік беру, жеке қажеттілігін ескеру)
- 3 жастағы балаға бір тапсырма ұсыныңыз («Үлкен – кіші затты тап» ойыны)
- Мектепке дейінгі кезеңдегі жетекші әрекет? (Ойын)

#### **№ 2 «Ертегіден басталған тәрбие» (5 минут ішінде)**

**1-ертегі: «Жоғалған Күн сәулесі»**

**Рөлдер:** Күн, Бұлт, Жел, Құмырсқа

**Ертегі:**

Бір күні аспандағы **Күн** өзінің жарығын жерге төге алмай қалады. Өйткені жарасымсыз бір **Бұлт** келіп, оның бетін көлегейлеп алады.

— Бұлт досым, неге мені жапқаның? – дейді **Күн**.

— Мен ренжідім... Ешкім мені байқамайды, тек сен ғана жарқырай бересің!

— деп **Бұлт** мұнаяды.

Сол сәтте қасынан сып-сып еткен **Жел** келеді.

— Бұлт, достым, ашуланба! Әрқайсымыздың өз қызметіміз бар. Сен болмасаң, жаңбыр жаумайды, өсімдіктер сусыз қалар еді! – дейді **Жел**.

Төменде жүрген кіп-кішкентай **Құмырсқа** да қарлындап:

— Дұрыс айтады! Біз бәріміз бірге табиғатты құраймыз. Күн – жарық береді, Бұлт – көлеңке мен жаңбыр сыйлайды, Жел – ауаны тазартады! – деп қосылады.

**Бұлт** ойланад да:

— Иә, менің де орным бар екен ғой! – деп **Күнді** ашып, көгіне жылжиды.

Сөйтіп Күн қайта жарқырап, бәрі татуласады.

**Түйін:** Әркімнің өз орны, өз міндеті бар – бірігіп әрекет еткенде ғана әлем әдемі.

## **2-ертегі: «Сиқырлы орман қонақтары»**

**Рөлдер:** Аю, Қоян, Тауыс, Сиқыршы-Ағаш

### **Ертегі:**

Сиқырлы орманда достасқан Аю, Қоян және Тауыс өмір сүріпті. Бір күні орман ортасына алып Сиқыршы-Ағаш пайда болады.

Ағаш терең дауыспен былай дейді:

— Орман достары, мен сендерді сынағым келеді. Менің қуысыма кім кірсе, өз бойындағы ерекше қасиетін тауып шығады!

Алдымен батыл Аю кіреді. Бір сәтте қуыс ішінен оның дауысы естіледі:

— Мен күшті екенімді білетінмін, бірақ мейірімді болуды да үйрендім!

Келесі болып қорқақтау Қоян кіреді.

— Мен батыл бола алады екенмін! – деп қуана секіріп шығады.

Соңында әдемілігімен мақтанатын Тауыс кіреді.

— Сұлулық тек сыртта емес, достықта да бар екен, – дейді ол.

Сиқыршы-Ағаш күлімдеп, бұтақтарын жайып:

— Ең үлкен сиқыр – өз жүрегінді тану, – дейді.

Үшеуі бір-бірін құшақтап, бұрынғыдан да тату дос болып кетеді.

## **Көрермендерге тапсырма: «Мақал – мәтелмен жауап»**

1. Оттан не ыстық? (Отан оттан да ыстық)
2. Қар жана ма? (Қалауын тапса қар жанар)
3. Етікті қонышынан басып киюге бола ма? (қолыңнан келсе, қонышынан бас)
4. Ең тәтті не? (Ананың сүті тәтті)
5. Отқа түсіп, күймеуге бола ма? (Отан үшін отқа түс, күймейсің)
6. Шошқа үре ме? (ит жоқта шошқа үреді)
7. Инемен құдық қазуға бола ма? (Білім инемен құдық қазғандай)
8. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр? (көз қорқақ, қол батыр)
9. Ер қаруы нешеу? (Ер қаруы бес қару)
10. Білгенің қанша, білмегенің қанша? (Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз)

## **№3 «Геометриялық пішіндерден құрақ құрау»**

Екі топ педагогтері аталған геометриялық пішіндерден құрақ құрайды.  
(үшбұрыш, параллелограмм, үлкен шаршы, тіктөртбұрыш, трапеция, шаршы)

#### **№4 «Әдептілік – әр сөзден басталады»**

(әдепсіз сөйлемді әдепті нұсқа жасауға арналған)

##### **I топ тапсырмасы:**

- «Сен неге осындайсың? Қарашы өзіңе!»
- «Мен саған мың рет айттым, неге тыңдамайсың?»
- «Сен тәртіпсізсің, шаршатып жібердің!»
- «Мынаны да істей алмайсың ба?»
- «Басымды қатырма, тыныш отыр!»
- «Сенің ата-анаң саған мүлдем қарамайды!»
- «Басқалар сияқты бола алмайсың ба?»
- «Сен өте баяусың, бәрін тежейсің!»
- «Түкке жарамайсың, сенен ештеңе шықпайды!»
- «Не деген түсініксіз баласың!»

##### **II топ тапсырмасы:**

- «Сен үнемі бірдеңе бүлдіресің!»
- «Өзің кінәлісің, енді жыламай-ақ қой!»
- «Дұрыс сөйлей алмайсың, түсініксізсің!»
- «Сенімен сөйлесуге де қиын!»
- «Жылама, басымды ауырттың!»
- «Талпынып жатқан жоқсың, сондықтан үйренбей жүрсің!»
- «Сен осылай істей берсең, ешкім сені жақсы көрмейді!»
- «Сабаққа кедергі болма, ана жаққа барып отыр!»
- «Қарашы, басқалар қандай! Ал сен...»
- «Өз проблеманды өзің шеш, менде уақыт жоқ!»

#### **5. «Инновациялық өнімдер жәрменкесі»**

Командаларға жалған өнім жобасын 1 минут ішінде «сату» тапсырылады.

1. Wi-Fi - ды күшейтетін өсімдік
2. Жылдам жинайтын шаңсорғыш
3. Көңіл күйге қарай түсін өзгертетін жылы көрпе
4. Бастық жақындап келе жатқанын көрсететін датчик
5. Кептелістен «секіріп өтетін» көлік
6. Стрессі өлшеп, тыныштандыратын браслет

